Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы
№ 15 КЕЛІСІМШАРТ

Шолаққорған ауылы 2010 жылғы "22" мамыр

Мемлекеттік мекеменің Ережесі негізінде әрекет ететін Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ аудандық құрылыс,сәулет және қала құрылысы бөлімі, бұдан әрі Тапсырысшы атынан бастығы Айтжан Нұрсейтов, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «ЖанаАрнаКурылыс» **ЖШС**, бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры М.С.Турысбеков екінші жағынан ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы негізінде және 2010 ж. «13» мамыр .№28-Б хаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы конкурстың нәтижесі бойынша 472 «Аудандық құрылыс,сәулет және қалақұрылысы бөлімі» бюджеттік бағдарламасының 037 «Білім беру обьектілерін салу және реконструкциялау» кіші бағдарламашасы 015 «Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру» ерекшелігі 421 «Ғимараттармен құрылыстар салу» үшін Келісімшарт түзіп, мына төмендегі келісімге келді:

Келісім-шарттың мәні мен бағасы

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - ОҚО құрылыс басқармасы Тапсырыс беруші үшін Созақ аудандық құрылыс,сәулет және қала құрылысы бөлімі үшін «Қаратау ауылындағы 200 орындық Панфилов мектебінің құрылыс жұмыстарын нысаны бойынша мемлекеттік сатып алу жөнінде конкурс жарияланған және осы жұмыстарды орындауға 390 196 820 тенге,(үш жүз тоқсан миллион бір жүз тоқсан алты мың сегіз жүз жиырма) тенге көлеміндегі сомаға Мердігерден конкурстық өтінімдер қабылдаған.

«Созақ аудандық құрылыс,сәулет және қала құрылысы 2010-2014 жылдарға арналған статегиялық жоспарын бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы №65 қаулысына сәйкес, 2010 жылға Келісім-шарттың жалпы сомасы 256361000 (Екі жүз елу алты миллион үш жүз алпыс бір мың)теңгені құрайды және ҚМЖ, ҚҚС,инженерлік қызметі,авторлық қадағалау сметада қаралған материалдарды, жабдықтарды сатып алу және өзге де шығындар кіреді.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

1. Тапсырысшы Мердігерге орындалған жұмыс көлеміне осы Келісім-шарт бойынша 2010 жылға осы Шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.
2. Төлем тәсілі – нақтылы емес.
3. Келісім-шарт бойынша төлем, бюджеттік бағдарламаға сәйкес Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты және орындалған жұмыс актілерінің инжинирингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Ай сайынғы орындалған жұмыстардың актілірді қабылдау-өткізу 2010 жылдың әр айдың 20-шы (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Мердігер Келісім-шартқа қол қойып және күнтізбелік жоспарын ұсынғаннан кейін, Тапсырысшы Мердігерге аванстың өтеу кестесіне сәйкес кейінгі ұстаумен Келісім-шарттың жалпы құнынан 15 пайыз көлеміндегі сомадан аспайтын авансты Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты төлейді. Мердігер төленген авансты осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, құрылыс алаңын дайындауға ғана пайдалануы тиіс. Келісімшарт бойынша қалған 85 пайыз көлеміндегі 217 906 850(Екі жүз он жеті миллион тоғыз жүз алт мың сегіз жүз елу) теңге сомадағы төлемді Мердігердің жұмыстарды орындауына және қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік қаражаттардың түсуіне байланысты 2010 жылдың 31 қарашаға дейін ай сайын жүргізіледі.
5. Тапсырыс беруші авансты алған күннен бастап бір ай ішінде Мердігерден авансты мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды басқармаға тапсыруын талап етуге құқылы.
6. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде орындалған жұмыс актілерінің инжинирингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес жүргізіледі.
7. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы Мердігердің атқарылған жұмыс көлемінің кесімді сомасынан Тапсырысшы орындалған жұмыс құнының **5 пайызын** ұстап қалып, Мердігерге барлық жұмыстарды өндірістік кестесіне сәйкес орындап болғаннан кейін және кемшіліктер мен шала істелген жұмыс тізімдерін жойғаннан кейін, сондай-ақ салынған нысанның пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсынғаннан кейін төленеді.
8. Тапсырыс беруші Мердігерге түпкілікті ақы төлеуді, Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді және Ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.
9. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;
2) жобалық-сметалық құжаттама;
3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету;
4) сақтандыру полистері (сақтандыру келісімшарты) және сертификаттар;
5) жұмыстардың өндірістік кестесі;
6) авансты өтеу кестесі;
7) қаржыландыру жоспары.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

10. Келісім-шартты түзген күннен Мердігер 10 жұмыс күн мерзім ішінде Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамадағы көрсетілген шарттағыдай келісімшарттың жалпы құнынан 3 пайыз көлемінде Келісім-шарт орындалуының кепілін тапсыруға міндетті .

11. Мердігер Келісім-шартты түзген күннен 10 жұмыс күн мерзім ішінде жұмыстар басталған күннен толық аяқталғанға дейінгі кезеңге Тапсырыс берушінің атына Шарттың жалпы сомасының 10 пайыз көлеміндегі авансын сақтандырумен жабуды, Ақаулар мен Кемшіліктерді жою кезеңін қоса алғанда, шарт бойынша алынған аванс толық жұмыспен өтелгенше, қамтамасыз етеді. Сақтандыру объектісі болып келісімшарттың 4-тармағында көрсетілгендей жұмыстарды толық немесе ішінара орындамағаны үшін аванс сомаларын қайтару міндеті болып табылады. Сақтандыру сомасы 38454150 (**Отыз сегіз миллион төрт жүз елу төрт мың бір жүз елу**) теңге 00 тиын. (Шарттың жалпы сомасынан 15 пайызы).

Шарттың аталған тармағын орындау үшін сақтандыру компаниясы, Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында үшжақты келісімшарт түзіледі. Тапсырыс беруші сақтандыру келісімшартын түзуге дейін сақтандыру компаниясымен тапсырылған сақтандыру келісімшартының жобасын алдын-ала мақұлдауы тиіс. Мердігер Күшіне енген Сақтандыру полистері (сақтандыру келісімшарты) және сертификаттарды авансты аудару күніне дейін және жұмыстардың басталатын күніне дейін ұсынуы тиіс.

12. Егер Мердігер талап етілетін сертификаттарды және сақтандыру полистерін (сақтандыру келісімшарты) ұсынбаса, Тапсырыс беруші Мердігердің қамтамасыз етуі тиіс сақтандыруды жүргізуі және осы шығыстарды Шарттың құнынан ұстауы мүмкін.

13. Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз және сақтандыру келісімшартына қосымша келісім түзілмейінше, сақтандыру шарттарына ешқандай өзгеріс енгізе алмайды .

14. Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.

15. Келісім-шартқа қол қойғаннан кейін Мердігер 10 күн мерзім ішінде конкурстық өтінімге сәйкес Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын салу бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

16. Мердігер құрылысы алты айдан асқан нысандар бойынша Тапсырыс берушіге және жоғары тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасына жұмыстардың өндірістік жоспарын ұсынуға міндетті.

17. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталған жағдайларда, Тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

18. Жұмыстың басталу мерзімі Келісім-шарттың күшіне енген күннен бастап саналады.

19. Мердігер осы келісім шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін 2010 жылдың 31 желтоқсанға дейін аяқтауға, ал пайдаланымға тапсырылатын нысандар бойынша, нысанды пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда 2010 жылдың 31 желтоқсанға дейін аяқтауға міндеттеме алады.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

20. Тапсырысшы жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен белгіленген көлемде және мерзімде Мердігерге құрылыс алаңдарын беруге міндетті.

21. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар айқындалса, Мердігер өз есебінен оларды түзейді.

22. Тапсырысшы кез-келген айқындалған Ақаулар жөнінде, оны түзету мерзімін көрсетумен Мердігерге жазбаша хабар береді.

23. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған қандай-да бір залал немесе қандай-да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және Мердігер қандай-да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

24. Мердігер Ақаулар жөнінде ескертпені алып, Тапсырысшының белгілеген уақыты ішінде жоюға міндетті.

25. Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

26. Мердігер қолданылатын барлық материалдар мен құрал-жабдықтарды жоғарғы тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасымен және Тапсырысшы – құрылыс бөлімімен міндетті түрде келісілуі тиіс.

27. Мердігер Келісім-шартты орындау кезінде, Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, сондай-ақ, жұмысшылардың өліміне жауапкершілік алады.

28. Мердігер нысандағы жұмыстардың өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілігін алады.

29. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. Мердігер Келісім-шарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігіні мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.

30. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

31. Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапасы жақсы болуына және техникалық ерекшеліктер мен жобалау сметалық құжаттарға сәйкес болуына және кемшіліксіз орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса аталған жұмыс ақау деп танылады. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

32. Мердігер Нысанға апарылуға тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп беруін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. Тапсырысшы жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай-да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.

33. Мердігер учаскедегі аумағын таза ұстауы қажет. Мердігер учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.

34. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын Шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерлік ұйымдарды тартқан жағдайда Мердігер қосалқы мердігерлік тиісті келісімшартты түзуге дейін мердігерлік ұйымды тартуға Тапсырыс берушіден рұқсат алуы тиіс. Мердігер осындай рұқсатты алғаннан кейін Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының көшірмесін нотариалды растаған қосымшасымен жұмыстарды өткізуге жоспарланған тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау максатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.

35. Учаскеде Қосалқы мердігерлер бар болса Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.

36. Мердігер Келісім-шарт негізінде Тапсырысшының алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ, Келісім-шарттың аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген кателіктеріне жауапкершілігін алады.

37. Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Бұл адамдарды басқасына ауыстырған кезде Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

38. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланыска ие болмауы тиіс.

39. Мердігер жұмыстарды бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес жүргізуге міндетті. Мердігер құрылыс нысанындағы кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің, жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес болуына жауапкершілікте болады.

40. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының қызметкерлеріне салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді мердігер қамтамасыз етуді міндеттенеді.

41. Мердігер келісім-шартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін, Тапсырысшыға жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді, Тапсырысшы инжирингілік қызмет көрсетуші «Инженерді» қатыстыра отырып, Келісім-шартқа сәйкес жеті күннен кем емес мерзімде жұмыстарды аяқтаудың бағалауы жөнінде комиссия (жұмыс комиссиясы) тағайындайды.

42. Жұмыс комиссиясы шала істелінген жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді. Шала істелінген жұмыстардың жойылған күні Келісім-шарттың біткен күні болып табылады. Барлық шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің ақырғы қабылдау Актісімен анықталады (мемлекеттік комиссия актісімен).

43. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың жобалық-сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан құрылысының аяқталуы туралы актісіне қол қойылған кезден бастап 24 ай ұзақтығымен белгіленеді (егер Мердігер конкурстық өтінімде өзге мерзім көрсетепесе), қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілмегенін қоспағанда.

44. Егер кепілді пайдалану мерзімі кезеңінде нысанды қалыпты пайдалануға мұрша келтірмейтін кемшіліктер айқындалса, онда кепілдік мерзімі кемістіктерді жою кезеңіне созылады және Мердігердің өз есебінен жүзеге асырылады. Мердігер Ақаулар туралы хабарламаны алып, Ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

45. Егер Мердігер келісім-шарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ, Мердігер жобалау сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, Тапсырысшы орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.

46. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер Мердігер келесі жеті күн мерзімі ішінде көрсетілген Ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда негізінде Мердігерге төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда,

көрсетілген Ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер Мердігерге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

47. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса, Мердігер Тапсырыс берушіге аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтелмеген аванс төлемдерін (егер ол бөлінсе) қайтаруы тиіс.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

48. Егер Мердігер Келісім-шартта көрсетілген жұмыстарды өндіріс кестесіндегі мерзімнен 10 күннен аса кешіктірсе орындалмаған жұмыстардың көлемінің әр бір мерзімінен өткізген күніне Тапсырыс берушіге 1 пайыз тұрақсыздығы (неустойка) түріндегі соманы төлейді.

49. Жұмыстардың сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан әр бір мерзімі өткен күннен 0,2 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

50. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық Мердігердің сапасыз орындалған жұмыстарды жойған күннен (қайта жасау) есептеп шығарылады. Жою фактісі Мердігердің, Тапсырыс берушінің және Инженердің қолы қойылған сапасыз орындалған жұмыстарды жойған Актісімен расталуы тиіс.

51. Шарттың кепілді мерзімі ішінде Объектінің кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

52. Мердігер кепілді кезең ішінде жұмыстардың өндірістік сапасы мен мерзімдеріне қатысты міндеттемелерден басқа Шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, Мердігер Тапсырыс берушіге әр бұзушылыққа Шарттың құнынан 0,1 пайыз көлемде тұрақсыздық төлейді.

53. Шартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары Мердігер Тапсырыс берушіден тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. Мердігер осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.

54. Мердігер көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айып санкцияларын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың құнынан есептелінген тұрақсыздық пен айып санкцияларын шегеруге және тұрақсыздық пен айып санкцияларын алып тастап, Мердігерге кезекті төлем жүргізуге құқылы.

55. Мердігер Шартты орындаудан бас тартса немесе Мердігердің кінәсінен келісімшарт бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың құнынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

56. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса Мердігер Тапсырыс берушіге аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтелмеген аванс төлемдерін (егер ол бөлінсе) қайтаруы тиіс.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

57. Тараптар осы Келісім-шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де жұмыстың орындалуы игерілмейтін күштің салдарынан мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылысатр, өрт, әскери қимылдар, Келісім-шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

58. Форс-мажорлы жағдайлардың, сондай-ақ олардың шамамен болу мерзімі жөнінде, осындай жағдай болған Жақ басқа Тарапты аталған жағдай болу кезден бастап банкілік 5 (бес) күннен кеш емес уақытты жазбаша түрде ескертеді..

Келісім-шартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

59. Келісім-шарт кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізу күшіне енеді, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса.

60. Нысандардың құрылыстарын алдыңғы уақыттарға қаржыландыру үшін, тиісті бюджетте қаражаттың болмау жағдайы орын алса, Келісім-шарт кейінгі жылдарға түзілмейді және Тапсырысшы мен Мердігердің бір-біріне ешқандай даусыз міндеттемелері, сонымен қатар қаржы жағы тоқтатылады, негіздемесі - ҚР қаржы министрлігінің 2004 жылғы 12 қарашадағы № 3-1/411/10134 хаты.

61. Келісім-шартта Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да айып санкциялары немесе басқа шарттар Тапсырысшы мен Мердігердің келісімімен қаралуы мүмкін.

62. Тапсырысшы мынадай жағдайларда Келісім-шартты **біржақты бұзуға** құқылы:

1) Мердігердің кінәсінен екі реттен аса жұмыстардың өндірістік кестесін бұзса (он күннен жоғары).

2) Мердігердің кінәсінен екі реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасын төмендетсе.

3) Мердігер Тапсырысшының рұқсатынсыз 10 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса.

4) Мердігер Ақаулар туралы хабарламаны алып, Ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоймаса;

5). Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

7) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің екіден үш бөлігінен аспайтын Шарт жасаса.

8) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымды жұмыстарды орындауға Тапсырыс берушіден жазбаша рұқсатынсыз жіберсе.
9) Тапсырысшы құрылыстың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.
63. Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.
64. Егер Шарт Мердігердің Шартты бұзуы себебінен бұзылса, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің жаңа Мердігерді таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күн ішінде төленуге жататын борышты құрайды.
65. Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады, оның ішінде: Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, қаржыландырудың болмауынан және/немесе қаржыландыруды қысқарту себептері бойынша. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.
66. Жоғарыда санамаланған жағдайлар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.
67. Егер Мердігердің Шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.
68. Мердігер мынадай жағдайларда Келісім-шартты бұзуға құқылы:
- Мердігерден тәуелді емес себептермен, Тапсырысшының айтуымен бір айдан көп мерзімге құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауын тоқтату кезінде;
- Тапсырысшы құрылыстың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.
69. Келісім-шартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 10 күн алдын ала жазбаша ескертеді.
70. Осы Келісімшартта тікелей қаралмаған болса да, Тараптар Қазақстан Республикасының заңдылықтарының барлығын басшылыкка алады.
71. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырысшы мен Мердігердің ресми сөз алмасуы тек жазбаша түрде ғана күшіне енеді.
72. Осы Келісімшарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі 2010 жылдың мамыр айынан 2010 жылдың 31 желтоқсанына дейін.
73. Мердігердің орындаған жұмыстарының сапасының кепілді кезеңінің және Объектінің пайдалану кепілді кезеңінің аяқталуына дейін Шарт өз әрекетін сақтайды.
74. Осы келісім-шарт әр тарапқа бірдей заңдық күші бар 2 данадан, яғни әр тарапқа біреуден құрылған.
75. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны қазынашылық аумақтық органында тіркегеннен кейін және Мердігердің Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.
76. Келісім бойынша міндеттемелер Шолаққорған ауылында орындалады.
77. Тараптардың мекен-жайы мен реквизиттері:

Тапсырысшы:	**Мердігер:**
«Созақ аудандық құрылыс,	«ЖанаАрнаКурылыс» ЖШС
сәулет және құрылыс бөлімі» ММ	Шымкент қаласы
Шолаққорған ауылы Жібек жолы к-сі 84	Мадели-Кожа көшесі н/үй
Код 4723504	ШФ АО «Банк Центр Кредит»
ОҚО Созақ ауданы Қазыналық банкі	факс 21-24-76
БИК 195301070	БИК 195801810
СТН 581300212714	СТН 582100290216
Е/Ш 1100113039 6	Е/Ш 017467286
БИН 100240008924	БИН 081040002121
Басшысы	Директор
Нұрсейітов А.	Тұрысбеков М.С.

сентябрь 2011г.

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы
№2 КЕЛІСІМШАРТ

Шолаққорған ауылы. 2011 жылғы "_09" ақпан

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Созақ аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-і атынан, Ереженің негізінде іс-қимыл жасайтын бөлім бастығы Айтжан Нұрсейтов, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «ЖаңаАрнаКурылыс» ЖШС-ы , бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры М.С.Турысбеков Мағауия екінші жағынан ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы негізінде және 2010 ж. «13» мамыр №28-Б Хаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы конкурстың нәтижесі бойынша 472 «Аудандық құрылыс,сәулет және қала құрылысы бөлімі» бюджеттік бағдарламасының 037 «Білім беру обьектілерін салу және реконструкциялау» кіші бағдарламашасы 015 «Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру» ерекшелігі 421 «Ғимараттармен құрылыстар салу » үшін **осы Келісімшарты (бұдан әрі – Келісімшарт)** түзіп, мына төмендегі келісімге келді:

Келісім-шарттың мәні мен бағасы

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы - ОҚО құрылыс басқармасы Тапсырыс беруші Созақ аудандық құрылыс,сәулет және қала құрылысы бөлімі үшін «Қаратау ауылындағы 200 орындық Панфилов мектебінің құрылыс» жұмыстары нысаны бойынша мемлекеттік сатып алу жөнінде 2010 жылы конкурс жарияланған және осы жұмыстарды орындауға 390 196 820 теңге мөлшерінде **(Үш жүз тоқсан миллион бір жүз тоқсан алты мың сегіз жүз жиырма теңге)** Мердігердің осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылданған болатын.

«Созақ аудандық құрылыс сәулет және қала құрылысы бөлімінің) 2011-2015 жылдарға арналған статегиялық жоспарын бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 қаңтардағы №14 қаулысына сәйкес, 2011 жылға Келісім-шарттың жалпы сомасы 102 688 000 **(Бір жүз екі миллион алты жүз сексен сегіз мың теңге)** теңгені құрайды және ҚМЖ, ҚҚС, сметада қаралған материалдарды, жабдықтарды сатып алу және өзге де шығындар кіреді.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2. Тапсырысшы Мердігерге орындалған жұмыс көлеміне осы Келісімшарт бойынша 2011 жылға осы Шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.
2. Төлем тәсілі – нақтылы емес.
3. Келісімшарт бойынша төлем, бюджеттік бағдарламаға сәйкес Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты және орындалған жұмыс актілерінің инжинирингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Ай сайынғы орындалған жұмыстардың актілірді қабылдау-өткізу 2011 жылдың әр айдың 25-шы (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

4. Мердігер Келісімшартқа қол қойып және күнтізбелік жоспарын ұсынғаннан кейін, Тапсырысшы Мердігерге аванстың өтеу кестесіне сәйкес кейінгі ұстаумен Келісімшарттың жалпы құнынан 15 пайыз көлеміндегі сомадан аспайтын авансты Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты төлейді. Мердігер төленген авансты осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге және құрылыс алаңын дайындауға ғана пайдалануы тиіс. Келісімшарт бойынша қалған 85 пайыз көлеміндегі 87 285 000 (Сексен жеті миллион екі жүз сексен бес мың) теңге сомадағы төлемді Мердігердің жұмыстарды орындауына және қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджеттік қаражаттардың түсуіне байланысты 2011 жылдың 31 желтоқсанға дейін ай сайын жүргізіледі.
5. Тапсырыс беруші авансты алған күннен бастап бір ай ішінде Мердігерден авансты мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттарды басқармаға тапсыруын талап етуге құқылы.
6. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде орындалған жұмыс актілерінің инжинирингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес жүргізіледі.
7. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы Мердігердің атқарылған жұмыс көлемінің кесімді сомасынан Тапсырысшы орындалған жұмыс құнының **5 пайызын** ұстап қалып, Мердігерге барлық жұмыстарды өндірістік кестесіне сәйкес орындап болғаннан кейін және кемшіліктер мен шала істелген жұмыс тізімдерін жойғаннан кейін, сондай-ақ салынған нысанның пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісі бекітілгеннен кейін төленеді. **Сондай-ақ, Мердігер құрылыс нысаны бойынша барлық негізгі құрал-жабдықтарды және құрылыс монтаж жұмыстарының жиынтық шығынын өткізу-қабылдап алу актісі арқылы толығымен құрылыс нысанын пайдалануға қабылдайтын мекеменің қызырына тапсыруы тиіс.**
8. Тапсырыс беруші Мердігерге түпкілікті ақы төлеуді, Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді және Ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.
9. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;
2) жобалық-сметалық құжаттама;
3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету;
4) сақтандыру полистері (сақтандыру келісімшарты) және сертификаттар;

5) жұмыстардың өндірістік кестесі;
6) авансты өтеу кестесі;
7) қаржыландыру жоспары.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

10. Келісім-шартты түзген күннен Мердігер 10 жұмыс күн мерзім ішінде Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамадағы көрсетілген шарттағыдай келісімшарттың жалпы құнынан 3 пайыз көлемінде Келісім-шарт орындалуының кепілін тапсыруға міндетті .

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарнаны;

2) банктік кепілдікті таңдауға құқылы.

11. Мердігер Келісім-шартты түзген күннен 10 жұмыс күн мерзім ішінде жұмыстар басталған күннен толық аяқталғанға дейінгі кезеңге Тапсырыс берушінің атына Шарттың жалпы сомасының 15 пайыз көлеміндегі авансын сақтандырумен жабуды, Ақаулар мен Кемшіліктерді жою кезеңін қоса алғанда, шарт бойынша алынған аванс толық жұмыспен өтелгенше, қамтамасыз етеді. Сақтандыру объектісі болып келісімшарттың 4-тармағында көрсетілгендей жұмыстарды толық немесе ішінара орындамағаны үшін аванс сомаларын қайтару міндеті болып табылады. Сақтандыру сомасы 15 403 000 (Он бес миллион төрт жүз үш) теңге. (Шарттың жалпы сомасынан 15 пайызы).

Шарттың аталған тармағын орындау үшін сақтандыру компаниясы, Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында үшжақты келісімшарт түзіледі. Тапсырыс беруші сақтандыру келісімшартын түзуге дейін сақтандыру компаниясымен тапсырылған сақтандыру келісімшартының жобасын алдын-ала мақұлдауы тиіс. Мердігер Күшіне енген Сақтандыру полистері (сақтандыру келісімшарты) және сертификаттарды авансты аудару күніне дейін және жұмыстардың басталатын күніне дейін ұсынуы тиіс.

12. Егер Мердігер талап етілетін сертификаттарды және сақтандыру полистерін (сақтандыру келісімшарты) ұсынбаса, Тапсырыс беруші Мердігердің қамтамасыз етуі тиіс сақтандыруды жүргізуі және осы шығыстарды Шарттың құнынан ұстауы мүмкін.

13. Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз және сақтандыру келісімшартына қосымша келісім түзілмейінше, сақтандыру шарттарына ешкандай өзгеріс енгізе алмайды .

14. Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.

15. Келісімшартқа қол қойғаннан кейін Мердігер 10 күн мерзім ішінде конкурстық өтінімге сәйкес Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын салу бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

16. Мердігер құрылысы алты айдан асқан нысандар бойынша Тапсырыс берушіге және жоғары тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасына жұмыстардың өндірістік жоспарын ұсынуға міндетті.

17. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталған жағдайларда, Тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

18. Жұмыстың басталу күні болып Келісімшарттың күшіне енген күні есептеледі.

19. Мердігер осы келісім шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін 2011 жылдың 20 желтоқсанына дейін аяқтауға , ал пайдаланымға тапсырылатын нысандар бойынша, нысанды пайдалануға енгізу туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда 2011 жылдың 25 желтоқсанына дейін аяқтауға міндеттеме алады.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

20. Тапсырысшы жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен белгіленген көлемде және мерзімде Мердігерге құрылыс алаңдарын беруге міндетті.

21. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар айқындалса, Мердігер өз есебінен оларды түзейді.

22. Тапсырысшы кез-келген айқындалған Ақаулар жөнінде, оны түзету мерзімін көрсетумен Мердігерге жазбаша хабар береді.

23. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған кандай-да бір залал немесе кандай-да бір келтірілген закымға жауапкершілік алмайды және Мердігер кандай-да бір закымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

24. Мердігер Ақаулар жөнінде ескертпені алып, Тапсырысшының белгілеген уақыты ішінде жоюға міндетті.

25. Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

26. Мердігер қолданылатын барлық материалдар мен құрал-жабдықтарды жоғарғы тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасымен және Тапсырысшы – Созақ аудандық құрылыс,сәулет және қала құрылысы бөлімімен міндетті түрде келісілуі тиіс.

27. Мердігер Келісім-шартты орындау кезінде, Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, сондай-ақ, жұмысшылардың өліміне жауапкершілік алады.

28. Мердігер нысандағы жұмыстардың өндірісінін техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілігін алады.
29. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. Мердігер Келісім-шарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігіні мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды ұйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.
30. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.
31. **Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапасы жақсы болуына және техникалық ерекшеліктер мен жобалау сметалық құжаттарға сәйкес болуына және кемшіліксіз орындалуына кепілдік береді.** Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, зансыз өзгерістер болса аталған жұмыс ақау деп танылады. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.
32. Мердігер Нысанға апарылуға тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп беруін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. Тапсырысшы жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай-да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.
33. Мердігер учаскедегі аумағын таза ұстауы қажет. Мердігер учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.
34. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын Шарт жасаса алады, және ***Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере алмайды.*** Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерлік ұйымдарды тартқан жағдайда Мердігер қосалқы мердігерлік тиісті келісімшартты түзуге дейін мердігерлік ұйымды тартуға Тапсырыс берушіден рұқсат алуы тиіс. Мердігер осындай рұқсатты алғаннан кейін Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының көшірмесін нотариалды растаған қосымшасымен жұмыстарды өткізуге жоспарланған тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.
35. Учаскеде Қосалқы мердігерлер бар болса Мердігер өзінің жұмыстарын олармен ұйлестіріп отыруы тиіс.
36. Мердігер Келісім-шарт негізінде Тапсырысшының алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ, Келісім-шарттың аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген кателіктеріне жауапкершілігін алады.
37. Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Бұл адамдарды басқасына ауыстырған кезде Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.
38. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.
39. Мердігер жұмыстарды бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес, Келісімшарт бойынша мерзімінде орындауға міндетті. Мердігер құрылыс нысанындағы кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің, жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес болуына жауапкершілікте болады.

Жұмыстың аяқталу күні Мердігердің Тапсырыс берушіге тиісті түрде рәсімделген және сәйкесінше барлық комиссия мүшелері Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылдау Кесіміне (Мемлекеттік қабылдау Кесімі) қол қойған күні болып есептеледі.

Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылдау Кесімінің (Мемлекеттік комиссия Кесімі) рәсімделуі және Тапсырысшыға ұсынылуы осы Келісімшарттың 19 тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірілмеуі тиіс, орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Келісімшарт кепілін жергілікті бюджетке аударуға құқылы.
40. Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының қызметкерлеріне салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді мердігер қамтамасыз етуді міндеттенеді.
41. Мердігер келісім-шартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін, Тапсырысшыға *жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді.* Тапсырысшы инжирингілік қызмет көрсетуші «Инженерді» қатыстыра отырып, Келісім-шартқа сәйкес *жеті күннен кем емес* мерзімде жұмыстарды аяқтаудың бағалауы жөнінде комиссия *(жұмыс комиссиясы)* тағайындайды.
42. Жұмыс комиссиясы шала істелінген жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді. Шала істелінген жұмыстардың жойылған күні Келісім-шарттың біткен күні болып табылады. Барлық

шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің ақырғы қабылдау Актісімен анықталады *(мемлекеттік комиссия актісімен).*

43. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың жобалық-сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан құрылысының аяқталуы туралы актісіне қол қойылған кезден бастап 24 ай ұзақтығымен белгіленеді (егер Мердігер конкурстық өтінімде өзге мерзім көрсетпесе), қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілмегенін қоспағанда.

44. Егер кепілді пайдалану мерзімі кезеңінде нысанды қалыпты пайдалануға мұрша келтірмейтін кемшіліктер айқындалса, онда кепілдік мерзімі кемістіктерді жою кезеңіне созылады және Мердігердің өз есебінен жүзеге асырылады. Мердігер Ақаулар туралы хабарламаны алып, Ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

45. Егер Мердігер келісім-шарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ, Мердігер жобалау сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, Тапсырысшы орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.

46. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 7 (жеті) күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер Мердігер келесі жеті күн мерзімі ішінде көрсетілген Ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда негізінде Мердігерге төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген Ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер Мердігерге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

47. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса, Мердігер Тапсырыс берушіге аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтелмеген аванс төлемдерін (егер ол бөлінсе) қайтаруы тиіс.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

48. Егер Мердігер Келісім-шартта көрсетілген жұмыстарды өндіріс кестесіндегі мерзімнен 10 күннен аса кешіктірсе мерзімінде орындалмаған жұмыстардың көлемінің күн сайынғы құнының өткізген күніне Тапсырыс берушіге 1 пайыз тұрақсыздығы (неустойка) түріндегі соманы төлейді.

49. Жұмыстардың сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан әр бір мерзімі өткен күннен 1 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

50. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық Мердігердің сапасыз орындалған жұмыстарды жойған күннен (қайта жасау) есептеп шығарылады. Жою фактісі Мердігердің, Тапсырыс берушінің және Инженердің қолы қойылған сапасыз орындалған жұмыстарды жойған Актісімен расталуы тиіс.

51. Шарттың кепілді мерзімі ішінде Объектінің кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге Жалпы құннан 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

52. Мердігер кепілді кезең ішінде жұмыстардың өндірістік сапасы мен мерзімдеріне қатысты міндеттемелерден басқа Шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, Мердігер Тапсырыс берушіге әр бұзушылыққа Шарттың құнынан 0,1 пайыз көлемде тұрақсыздық төлейді.

53. Келісім-шартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары Мердігер Тапсырыс берушіден тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. Мердігер осы жүргізілген төлемдерді дәлелдеу үшін, растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге ұсынуы міндетті.

54. Мердігер көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айып санкцияларын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың құнынан есептелінген тұрақсыздық пен айып санкцияларын шегеруге және тұрақсыздық пен айып санкцияларын алып тастап, Мердігерге тұрақсыздықтар мен айыппұл санкциялары минусталған кезекті төлем жүргізуге құқылы.

55. Мердігер Шартты орындаудан бас тартса немесе Мердігердің кінәсінен келісімшарт бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың құнынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

56. Жұмыстарды толығымен орындамаса немесе ішінара орындаса Мердігер Тапсырыс берушіге аванстың жалпы сомасы мен жүргізілген жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бойынша Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде төленген алдын-ала төлемді (авансты) (егер ол бөлінсе) қайтаруға міндетті.Егер Мердігер 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша төленген аванстық төлемді қайтармаған жағдайда, тиісінше аванстың сомасының әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін 0,1 % мөлшерінде өсімақыны (пеня) осы тармақ бойынша міндеттемені толық орындағанға дейін төлейді. Авансты қайтару міндеттемесі осы шарттың мерзіміне қарамастан қолданылады.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

57. Тараптар осы Келісім-шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де жұмыстың орындалуы игерілмейтін күштің салдарынан мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылысатр, өрт,

әскери қимылдар, Келісім-шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

58. Форс-мажорлы жағдайлардың, сондай-ақ олардың шамамен болу мерзімі жөнінде, осындай жағдай болған Жақ басқа Тарапты аталған жағдай болу кезден бастап банкілік 5 (бес) күннен кеш емес уақытты жазбаша түрде ескертеді.

Келісім-шартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

59. Келісім-шарт кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізу күшіне енеді, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса.

60. Нысандардың құрылыстарын алдыңғы уақыттарға қаржыландыру үшін, тиісті бюджетте қаражаттың болмау жағдайы орын алса, Келісім-шарт кейінгі жылдарға түзілмейді және Тапсырысшы мен Мердігердің бір-біріне ешқандай даусыз міндеттемелері, сонымен қатар қаржы жағы тоқтатылады, негіздемесі - ҚР қаржы министрлігінің 2004 жылғы 12 қарашадағы № 3-1/411/10134 хаты.

61. Келісім-шартта Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да айып санкциялары немесе басқа шарттар Тапсырысшы мен Мердігердің келісімімен қаралуы мүмкін.

62. **Тапсырысшы мынадай жағдайларда Келісім-шартты біржақты бұзуға құқылы**:

1) Мердігердің кінәсінен екі реттен аса жұмыстардың өндірістік кестесін бұзса (он күннен жоғары).

2) Мердігердің кінәсінен екі реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасын төмендетсе.

3) Мердігер Тапсырысшының рұқсатынсыз 10 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса.

4) Мердігер Ақаулар туралы хабарламаны алып, Ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоймаса;

5). Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

7) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің екіден үш бөлігінен аспайтын Шарт жасаса.

8) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымды жұмыстарды орындауға Тапсырыс берушіден жазбаша рұқсатынсыз жіберсе.

9) Тапсырысшы құрылыстың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.

<u>10) Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге лицензия әрекетінің қайтарылуы немесе тоқтатылған жағдайда.</u>

63. Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

64. Егер Шарт Мердігердің Шартты бұзуы себебінен бұзылса, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің жаңа Мердігерді таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күн ішінде төленуге жататын борышты құрайды.

65. Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады, оның ішінде: Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, қаржыландырудың болмауынан және/немесе қаржыландыруды қысқарту себептері бойынша. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

66. Жоғарыда санамаланған жағдайлар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

67. Егер Мердігердің Шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

68. Мердігер мынадай жағдайларда Келісім-шартты бұзуға құқылы:

- Мердігерден тәуелді емес себептермен, Тапсырысшының айтуымен бір айдан көп мерзімге құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауын тоқтату кезінде;
- Тапсырысшы құрылыстың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.

69. Келісім-шартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 10 күн алдын ала жазбаша ескертеді.

70. Осы Келісімшартта тікелей қаралмаған болса да, Тараптар Қазақстан Республикасының заңдылықтарының барлығын басшылыққа алады.

71. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырысшы мен Мердігердің ресми сөз алмасуы тек жазбаша түрде ғана күшіне енеді.

72. Осы Келісімшарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі 2011 жылдың ақпан айынан 2011жылдың 31 желтоқсанына дейін.

73. Мердігердің орындаған жұмыстарының сапасының кепілді кезеңінің және Объектінің пайдалану кепілді кезеңінің аяқталуына дейін Шарт өз әрекетін сақтайды.

74. Осы келісім-шарт әр тарапқа бірдей заңдық күші бар 2 данадан, яғни әр тарапқа біреуден құрылған.

75. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны қазынашылық аумақтық органында тіркегеннен кейін және Мердігердің Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күш не енеді.

76. Келісім бойынша міндеттемелер Шолаккорған ауылында орындалады.

77. Тараптардың мекен-жайы мен реквизиттері:

Тапсырыс беруші	Мердігер
Созақ аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	«ЖанаАрнаКурылыс» ЖШС
(толық атауы)	(толық атауы)
ОҚО Созақ ауданы Шолаккорған ауылы Жібек-жолы көшесі 84 (мекен-жайы) 8-725-46-4-20-53 (телефон, факс) Код 4723504 РНН:581300212714 БИН:100240008974 ИИК:KZ05070103KSN5813000 БИК:KKMFKZ2A Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қазнашылық Комитеті	Шымкент қаласы Мадели-Қожа көшесі н/үй (мекен-жайы) 21-24-76 (телефон, факс) РНН:582100290216 БИН:081040002121 ИИК:KZ448560000000481582 БИК:KCJBKZKX АО «БанкЦентрКредит»
Бөлім бастығы Нұрсейтов Айтжан (ТАЖ.)	Директор Тұрысбеков М.С (ТАЖ.)
(қолы)	(қолы)
2011 ж. "09" ақпан	2011 ж. "09"ақпан
м.о.	м.о.

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы
2011 жылғы 09 ақпандағы №2 келісім-шартқа
№2/1 қосымша келісім
«Қаратау ауылындағы 200 орындық Панфилов мектебінің құрылысы (2-кезек)» нысаны бойынша

Шолаққорған ауылы 2011 жылғы «14» наурыз

Мемлекеттік мекеменің Ережесі негізінде әрекет ететін Созақ аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бұдан әрі Тапсырысшы атынан бөлім бастығы Ж.Асылбеков, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «ЖанаАрнаҚурылыс» ЖШС-ы, бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры М.С.Турысбеков екінші жағынан ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заны негізінде және 2010 ж.13 мамыр №28-Б Хаттамаға сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы конкурстың нәтижесі бойынша **472 «Аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі»** бюджеттік бағдарламасының **037 «Білім беру обьектілерін салу және реконструкциялау»** кіші бағдарламашасы **015 «Бағдарламаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру»** срекшелігі **421 «Ғимараттар мен құрылыстар салу»** бойынша 2011 жылғы 09 ақпандағы №2 келісім-шартқа өзгеріс енгізіп, қосымша келісім түзеді:

1. Қосымша келісімнің мәні

1.1. 26.02.2009ж. №220 «Бюджетті орындау оған кассалық қызмет көрсету Ережелерінің» талаптарына сәйкес, нысанның келісімшарт сомасынан аванс пайызының өзгеруіне байланысты 2011 жылғы 15 ақпандағы №1536520 хабарландыру жабылсын. Тіркелген қосымша келісімнің сомасы 102 688 000 теңге.
Қаржыландырылғаны 15 403 200 теңге. Жабылуға жататын қалдық сома 87 284 800 теңге.

1.2. Тапсырысшы Мердігерге Келісімшарттың жалпы құнынан 30 пайыз-30 806 400 (Отыз миллион сегіз жүз алты мың төрт жүз) теңге көлеміндегі сомадан аспайтын авансты Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты 2011 жылдың 30 сәуіріне дейін төлейді.

Осы аталған сомадан 15 пайыз-15 403 200 теңге көлемінде аванс 15.02.11ж №1536520 Заказ арқылы Тапсырысшымен Мердігерге 2011 жылдың 16 ақпанында төленген. Қалған 15 пайыз -15 403 200 теңге көлеміндегі аванс Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты 2011 жылдың 30 сәуіріне дейін төленуі тиіс.

1.3 Қайта тіркелуге жататын қосымша келісімнің жалпы сомасы 87 284 800 **(Сексен жеті миллион екі жүз сексен төрт мың сегіз жүз) теңге.**

1.4. Төлем 2011 жылғы 31 желтоқсанына дейін жүргізілсін.

2. Қосымша келісімнің әрекет ету мерзімі

2.1. Осы қосымша келісім бірдей заңды күші бар екі данада түзілген, және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.2. Осы қосымша келісім қол қойған күннен бастап және ҚР ҚМ қазынашылық органдарында тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2011 жылдың 14 ақпанынан 2011 жылғы 31 желтоқсанына дейін әрекет етеді.

3. Мекен-жайлары мен реквизиттері:

Тапсырыс беруші	Мердігер
Созақ аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесі	«ЖанаАрнаКурылыс» ЖШС
(толық атауы)	(толық атауы)
ОҚО Созақ ауданы	Шымкент қаласы
Шолаққорған ауылы Жібек-жолы көшесі 84	Мадели-Қожа көшесі н/үй
(мекен-жайы)	(мекен-жайы)
8-725-46-4-20-53	21-24-76
(телефон, факс)	(телефон, факс)
Код 4723504	РНН:582100290216
РНН:581300212714	БИН:081040002121
БИН:100240008974	ИИК:KZ448560000000481582
ИИК:KZ05070103KSN5813000	БИК:KCJBKZKX
БИК:KKMFKZ2A	АО «БанкЦентрКредит»
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қазынашылық Комитеті	
Бөлім бастығы Ж.Асылбеков	Директор Турысбеков М.С
(ТАЖ.)	(ТАЖ.)
----------қолы	----------қолы